

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫНЫҢ САПА МӘДЕНИЕТІ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

ESG қағидаттары мен ISO 9001 стандарттарының талаптары ескерілген **Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының (бұдан әрі - ОҚМА) сапа мәдениеті тұжырымдамасы** - бұл тұрақты дамуға, мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және қызметтің барлық деңгейлерінде жоғары сапа деңгейіне қол жеткізуге бағытталған білім беру, ғылыми және клиникалық үдерісті басқарудың стратегиялық тәсілдемесі болып табылады.

ОҚМА сапа мәдениеті - бұл білім беру, ғылыми, клиникалық және әкімшілік қызметтің сапасын қамтамасыз етуге және үнемі жақсартуға бағытталған құндылықтар, көзқарастар, мінез-құлық нормалары мен тәжірибелер жиынтығы болып саналады.

Сапа мәдениетін қалыптастыру - бәсекеге қабілеттілігін, тұрақтылығы мен қоғамның сенімін қамтамасыз ететін ОҚМА-ның маңызды бөлігі.

Сапа мәдениетін қалыптастырудың негізгі **мақсаттары**:

- білім беру, зерттеу және клиникалық қызмет сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- мүдделі тараптардың (білім алушылардың, оқытушылардың, жұмыс берушілердің, ата-аналардың, серіктестердің) қанағаттанарлығын арттыру;

- ESG-қағидаттарына сәйкес ОҚМА-ның тұрақты дамуына жәрдемдесу;

- халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкестігі.

Сапа мәдениетін қалыптастырудың **міндеттері**:

- ISO 9001 негізінде сапа менеджменті жүйесін жетілдіру.

- ОҚМА қызметіне ESG-қағидаттарын енгізу және дамыту.

- басқарудың ашықтығын, этикасын және тиімділігін қамтамасыз ету.

- процестерді жетілдіру және қызметкерлерді жұмылдыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізу.

- сапа және тұрақтылық көрсеткіштерін бақылау және бағалау.

- сенім, қауіпсіздік және инновация ортасын қалыптастыру.

ESG ЖӘНЕ ISO 9001 МӘН МӘТІНІНДЕГІ САПА МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

- Тұтынушыға бейімделу: білім алушылардың, жұмыс берушілердің және басқа да мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен үміттерін ескеру.

- Басшылықтың көшбасшылығы мен жауапкершілігі: сапа мәдениетін қалыптастыруға басшылықтың белсенді қатысуы және сапа жүйесінің тиімді жұмысына жағдай жасау.

- Қызметкерлерді жұмылдыру: білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың құзыреттіліктерін, уәждемесі мен бастамашылдығын дамыту, сондай-ақ қызметкерлердің уәждемесі мен жауапкершілігі.

- Үдерістік тәсілдеме: үдерістерді нақты сипаттау, оңтайландыру және мониторинг, сондай-ақ тиімділігін бағалаумен қатар өзара байланысты үдерістер жүйесі ретінде қызметті басқару.

- Үздіксіз жетілдіру: қызметтің барлық көріністерін талдау және үнемі жетілдіру.

- Шешім қабылдаудың нақты тәсілдемесі: сенімді мағлұматтар мен дәлелді мәліметтер базасына негізделген шешімдер.
- Этика, инклюзивтілік және әлеуметтік жауапкершілік: ОҚМА қызметінің ESG-қағидаттарына сәйкестігі

ISCЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

- Сапа жөніндегі кеңестің өкілеттігін кеңейту. ОҚМА сапа жөніндегі кеңесі барлық алқалы органдардың (Әдістемелік Кеңестің, Ғылыми кеңестің, клиникалық кеңестің, факультет кеңестерінің) және құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді.
- Академиялық комитеттер мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның қызметін жандандыру.
- ISO 9001 критерийлері негізінде өзін-өзі бағалауды дамыту.
- Ішкі және сыртқы сапа аудиттерін үнемі жүргізу.
- тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPI) және білім беру үдерісінің мониторингі жүйесін жыл сайын өзектендіру.
- Білім беру үдерісін цифрландыру.
- Ашық кері байланыс жүйесін қалыптастыру және жақсарту бойынша ұсыныстарды қарастыру.
- Басқа жоғары оқу орындарымен, бизнеспен және мемлекетпен әріптестік қызметін күшейту.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

- ОҚМА рейтингісі мен беделінің өсуі.
- Білім алушылардың, ПОҚ және жұмыс берушілердің қанағаттанарлығын арттыру.
- Үздіксіз жетілдірудің тиімді жүйесі.
- Экологиялық әсердің төмендеуі.
- Барлық деңгейде қалыптасқан сапа мәдениеті мен жауапкершілік.

ҚОРЫТЫНДЫ

ESG-қағидаттары мен ISO 9001 стандарттарын ОҚМА сапа мәдениетіне интеграциялау қоғамның қазіргі заманғы сын-тегеуріндері мен күтулеріне сәйкес келетін дамудың тұрақты және дәл моделін жасайды. Бұл болашақ денсаулық сақтау мамандарын даярлау, ғылыми зерттеулер сапасын арттырудың, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың сенімін нығайтудың бағыты болып табылады.

Ректор



Ж.С.Сейтжанова

« 28 » 05 2025 жыл

№ 1 көшірме